

"Жастар іс-тәжірибесін" ұйымдастыру туралы

Жаңаөзен қаласының әкімдігінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 948 Қаулысы.
Жаңаөзен қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 31 желтоқсанда № 11-2-152 тіркелді

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 – бабына және 7 - бабының 6 - тармақшасына және «Мемлекет басшысының 2009 жылы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 264 қаулысына сәйкес, қала әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) кәсіпорындар мен ұйымдарда бастапқы, орта, жоғары кәсіби оқу орындарын бітірген жұмыссыз жастармен «Жастар іс - тәжірибесін» ұйымдастырылсын.

2. 2011 жылға арналған жастар тәжірибесін ұйымдастыратын мекемелер мен кәсіпорындар тізбесі және еңбекақы мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Уәкілетті орган жастардың іс - тәжірибесіне қатысу үшін оқу орындарын бітіруші жұмыссыз жастарды іріктесін және іріктеуде төмендегідей өлшемдер ескерілсін:

- 1) уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген жастар;
- 2) 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар;
- 3) кәсіби білімінің болуы;
- 4) іріктеу кезінде оларға лайықты жұмыстың болмауы.

4. Жастар іс - тәжірибесі жергілікті бюджеттің нысаналы трансферттер қаражаты есебінен қаржыландырылсын.

5. «Жол картасы» шеңберінде халықты жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөнінде қосымша шаралар туралы» қала әкімдігінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 1739 қаулысы (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11-2-123 тіркелген, 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 52 (1439) «Жаңаөзен» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалысын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.Боранбаеваға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

О.Сарбөпеев

К Е Л І С І Л Д І :
Қ . Қ . Б о р а н б а е в а

29 желтоқсан 2010 ж

Н . Б . Ғ ұ м а р о в а
29 желтоқсан 2010 ж
«Жаңаөзен қалалық экономика және
бюджеттік жоспарлау бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Р . К . Д ж а н т л е у о в а
29 желтоқсан 2010 ж
«Жаңаөзен қалалық қаржылар бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

М . И . А б у б и к и р о в
29 желтоқсан 2010 ж
«Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

2010 жылы 29 желтоқсандағы № 948
Жаңаөзен қала әкімдігінің қаулысына
қосымша

2011 жылға арналған жастар тәжірибесін ұйымдастыратын мекемелер мен кәсіпорындар тізбесі және еңбекақы мөлшері

№	Мекемелердің атаулары	Барлығы	Орал-мандар	Жергілікті бюджеттен төленетін еңбекақы мөлшері /мың теңге/	Жұмыс мерзімі	Жұмыс көлемі
1	«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігі	8	3	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісіміне сай
2	«Жаңаөзен қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	4	2	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісіміне сай
3	«Қызылсай селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	3	1	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісіміне сай
4	«Теңге ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	4	2	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісіміне сай
5	«Қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	3	1	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісіміне сай
6	«ҚР Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Жаңаө	2	1	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	

	зен қалалық бөлімі» мемлекеттік мекемесі					Келісі- міне сай
7	« Жаңаөзен қаласының мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесі	2	1	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
8	«Қалалық әділет басқармасы » мемлекеттік мекемесі	2	1	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
9	«Салық басқармасы» мемлекеттік мекеме	2	1	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
10	«Жаңаөзен қалалық соты» мемлекеттік мекемесі	2	1	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
11	«Жаңаөзен қаласының мамандырылған әкімшілік соты» мемлекеттік мекемесі	3	2	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
12	«Қалалық қылмыстық атқару инспекциясы» мемлекеттік мекемесі	2	1	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
13	«Қалалық зейнетақы төлеу орталығы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	2	1	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
14	«Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	2	1	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісіміне сай
15	АҚ «Халық Банкі»	2	1	25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
16	«Жарылқау» қайырымдылық қоғамы	1		25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
17	«Орталық қалалық кітапхана» мемлекеттік мекеме	1		25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
18	«Жаңаөзен кәсіптік лицей» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын	1		25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
19	«Біржолғы талон негізінде алымдар алу жөніндегі Орталық» мемлекеттік мекеме	2		25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
20	«Жаңаөзен политехникалық колледжі » жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1		25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
21	«Жаңаөзен аймағы бойынша аудан аралық қаржы полиция басқармасы» мемлекеттік мекемесі	1		25000 (жиырма бес)	6 айға дейін	Келісі- міне сай
	Барлығы :	50	20			